

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

## **К е л і с і л д і**

2015 жылдың 26 маусымында

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкімен

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі  
Төрағасының Орынбасары

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен

(2014 жылдың 11 желтоқсанындағы  
№ 43 отырыс хаттамасы)

## **б е к і т і л д і**

2015 жылдың 01 маусымынан бастап

**қолданысқа енгізілді**

К.Б. ҚОЖАХМЕТОВ

## Қор нарығында T+2 схемасы бойынша мәмілелер жасау ТӘРТІБІ

---

Алматы қ.

2014 жыл

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

### **1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:**

- 2015 жылдың 26 маусымында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2015 жылдың 11 ақпанындағы № 2 отырыс хаттамасы);
- 2015 жылдың 01 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

### **2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:**

- 2015 жылдың 14 шілдесінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2015 жылдың 19 мамырындағы № 10 отырыс хаттамасы);
- 2015 жылдың 01 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

### **2. № 3 өзгерту мен толықтыру:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2015 жылдың 12 қарашасындағы № 26 отырыс хаттамасы);
- 2015 жылдың 13 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) жарғысына сәйкес әзірленген және Биржаның қор нарығында T+2<sup>1</sup> схемасы бойынша мәмілелер жасау шарттары мен тәртібін анықтайды (бұдан әрі – T+2 тәртібі).

**1 бап. Негізгі түсініктер мен терминдер**

1. Осы Тәртіпте Қазақстан Республикасының заңнамасында, және Биржаның басқа ішкі құжаттарында анықталған түсініктер мен терминдер қолданылады.
2. Осы тәртіпте қолданылатын "өтінімді қамсыздандыру" немесе "қамсыздандыру" түсініктері сауда-саттыққа қатысушының басқаруындағы, осы сауда-саттыққа қатысушының Биржада өткізілетін сауда-саттықтарға байланысты туындайтын міндеттемелерін орындау үшін тағайындалған және Биржа тек осы мақсатта ғана пайдалана алатын активтерді (ақша немесе бағалы қағаздарды) білдіреді.
3. Осы Тәртіптің мақсаты үшін:
  - 1) мәмілелер деп Биржаның қор нарығында T+2 тәртібі қолданылатын бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді түсіну керек;
  - 2) өтінімдер деп Биржаның қор нарығында T+2 тәртібі қолданылатын мәмілелер жасауға берілетін өтінімдерді түсіну керек;
  - 3) өтінім сомасы деп оның ақшалай мөлшерін түсіну керек;
  - 4) өтінімнің мөлшері деп оның бағалы қағаздардың данасындағы көлемін түсіну керек;
  - 5) есеп-шотты басқарушы деп өзінің клиенттеріне (Биржа мүшелеріне) кастодиан бақылайтын сауда-саттық және ақшалай есеп-шоттар бойынша мәмілелер жасау құқығын беретін кастодианды - растау жүйесін пайдаланушыны түсіну керек;
  - 6) клиринг туралы ішкі құжат деп Биржаның "Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызмет атқару ережелері"<sup>2</sup> атты ішкі құжатын түсіну керек;
  - 7) клирингілік қатысушылар туралы ішкі құжат деп Биржаның "Клирингілік қатысушылар туралы қағида"<sup>3</sup> атты ішкі құжатын түсіну керек;
4. Осы Тәртіпте анықталған терминдер Биржаның өзге ішкі құжаттарында, қызметтік құжаттамаларында және қатынасхаттарында және биржалық ақпаратта қолданылуы мүмкін.

*(Осы бап Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертіліп, толықтырылған және Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен өзгертілген).*

---

<sup>1</sup> Биржалық мәмілелер бойынша есептесулер жүргізу (биржалық мәмілелерді орындау) мерзімдерінің дүниежүзілік тәжірибеде жалпыға бірдей қабылданған "T+ n" жазбасы түріндегі белгісі, мұндағы T – мәміле жасалған биржалық сауда-саттық күні, ал n – мәміле жасалған күн мен осы мәміле бойынша есептесулер жүргізу күні арасындағы жұмыс күндерімен көрсетілген мерзім.

<sup>2</sup> Биржалық кеңестің шешімімен бекітілген (2015 жылдың 08 сәуіріндегі отырысының № 7 хаттамасы) *(осы сілтеме Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен қосылған).*

<sup>3</sup> Биржалық кеңестің шешімімен бекітілген (2015 жылдың 08 сәуіріндегі отырысының № 7 хаттамасы) *(осы сілтеме Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен қосылған).*

**2 бап. Т+2 тәртібі туралы жалпы ережелер**

1. Т+2 тәртібі келесі негізгі тәсілдемелерге негізделген *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 12 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) Т+2 тәртібі Биржа клиринг туралы ішкі құжаттарға сәйкес клиринг жасайтын мәмілелерге қатысты қолданылады;
  - 2) мәмілелерді клирингілік қатысушылар туралы ішкі құжатқа сәйкес клирингілік қатысушының қолданыстағы мәртебесіне ие Биржа мүшелері ғана жасауға құқылы;
  - 3) мәмілелер жасауға берілген өтінімдер осы Тәртіптің 2-1 бабына сәйкес қамсыздандырылуы тиіс;
  - 4) репо операцияларына жатпайтын мәмілелер бойынша есептесулер осы мәмілелер жасалған күннен кейінгі екінші күнде жасалады; репо операцияларына жататын мәмілелер бойынша есептесулер осы операциялардың мерзімдеріне сай Биржаның "Репо операцияларын жасау ережелері"<sup>4</sup> атты ішкі құжатына сәйкес жасалады;
  - 5) мәмілелер бойынша есептесулер жүргізу үшін сауда-саттыққа қатысушылардың Орталық депозитарийде ашылған банктік және жеке есеп-шоттары (бұдан әрі әрқайсысы жеке түрде – банктік есеп-шот немесе жеке есеп-шот) қолданылады;
  - 6) мәмілелер мен оларға қатыстылардың барлығы клиринг туралы ішкі құжаттың әрекет ету аясында жатыр.
2. Қазақстан Республикасының Банктік жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейі және орталық банкі болып табылатын, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығының мемлекеттік реттеуін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне мәмілелерді қамтамасыз ету және кепілдік жарналарды, сондай-ақ бастапқы және қолдау маржасын төлеу бөлігінде, осы Қағиданың нормалары қолданылмайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 12 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.

*Осы бап Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен және Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен өзгертілген).*

**2-1 бап. Өтінімдерді қамсыздандыруға қойылатын талаптар**

1. Биржаның сауда-саттық жүйесі өтінімдер қамсыздандырылғанда ғана, оларды қабылдайды.

Өтінім толықтай немесе ішінара қамсыздандырылуы мүмкін (осы баптың 2 тармағында бекітілген ерекшелікті ескергенде).

Егер өтінімнің ақшалай мөлшері осы өтінімнің сомасымен тең келсе немесе оның бағалы қағаздардың данасымен берілген мөлшері осы өтінімнің мөлшерімен тең келсе, өтінім толық қамсыздандырылған деп есептеледі.

Егер өтінімнің ақшалай мөлшері осы өтінімнің сомасынан аз болса немесе оның бағалы қағаздардың данасымен берілген мөлшері осы өтінімнің мөлшерінен кем болса, өтінім ішінара қамсыздандырылған деп есептеледі.
2. Егер осындай мәміле жасау нәтижесінде сауда-саттыққа қатысушының нетто-жайғасымы азаятын болса, бағалы қағаздарды сатып алу немесе сату

---

<sup>4</sup> Биржалық кеңестің шешімімен бекітілген (2012 жылдың 29 ақпанындағы отырысының № 4 хаттамасы) *(осы сілтеме Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен қосылған)*.

мәмілесін немесе репо мәмілесін жасауға берілген өтінімнің қамсыздандыру мөлшері азайтылуы мүмкін.

3. Биржа өтінімдерді қамсыздандырып тұрған активтерді сауда-саттыққа қатысушылардың банктік және жеке есеп-шоттарында бұғаттап, пайдалануға шек қояды (ақша түріндегі қамсыздандыру – банктік есеп-шоттарда, бағалы қағаздар түріндегі қамсыздандыру – жеке есеп-шоттарда), осы ретте:
  - 1) Биржаның сауда-саттық жүйесінде сауда-саттыққа қатысушының банктік есеп-шотында қамсыздандыруды бұғаттау осы қамсыздандыруды осы сауда-саттыққа қатысушының ақшалай есеп-шотында бұғаттау ретінде көрсетіледі, ал сауда-саттыққа қатысушының жеке есеп-шотында қамсыздандыруды бұғаттау осы қамсыздандыруды осы сауда-саттыққа қатысушының сауда-саттық есеп-шотында бұғаттау ретінде көрсетіледі;
  - 2) бұғатталуға жататын немесе сауда-саттыққа қатысушының банктік есеп-шотында бұғатталған қамсыздандыруды басқару Биржаның сауда-саттық жүйесінде осы сауда-саттыққа қатысушының ақшалай есеп-шоты арқылы жүзеге асырылады, ал бұғатталуға жататын немесе сауда-саттыққа қатысушының жеке есеп-шотында бұғатталған қамсыздандыруды басқару Биржаның сауда-саттық жүйесінде осы сауда-саттыққа қатысушының сауда-саттық есеп-шоты арқылы жүзеге асырылады;
  - 3) Бұдан әрі осы Тәртіпте қарапайымдату мақсатында ғана сауда-саттыққа қатысушының банктік есеп-шотындағы қамсыздандыру сауда-саттыққа қатысушының Биржаның сауда-саттық жүйесіндегі ақшалай есеп-шотындағы қамсыздандыру деп те аталуы мүмкін, ал сауда-саттыққа қатысушының жеке есеп-шотындағы қамсыздандыру сауда-саттыққа қатысушының Биржаның сауда-саттық жүйесіндегі сауда-саттық есеп-шотындағы қамсыздандыру немесе сауда-саттыққа қатысушының сауда-саттық есеп-шотындағы қамсыздандыру деп те аталуы мүмкін.
4. Сауда-саттыққа қатысушы осы өтінімді қамсыздандыру ретінде (қазақстандық теңгемен) бастапқы маржаны бұғаттаған жағдайда, ол өтінімді қамсыздандыру үшін бұғаттаған бағалы қағаздарды бұғаттан шығара алады.

Осы бағалы қағаздар міндеттемелерді орындау үшін қамсыздандыру ретінде бұғатталған мәміле бойынша есептесулерді жүзеге асыру күнін қоспағанда, сауда-саттыққа қатысушы бағалы қағаздарды сауда-саттық күні ішінде сауда-саттық терминалында жайғасымдық есеп-шоттардың қасиеттерінде бұғаттан шығарады.
5. Сауда-саттыққа қатысушы клиенттің тапсырысы бойынша, және/немесе клиенттің есебінен, және/немесе клиенттің мүддесі үшін мәміле жасауға өтінім бергенде клиенттік ақшалай немесе сауда-саттық есеп-шотында қамсыздандыру жеткіліксіз болған жағдайда, осы өтінімді қамсыздандыру ретінде сауда-саттыққа қатысушының меншікті ақшалай есеп-шотындағы ақша пайдаланылуы мүмкін.

Мұндай пайдалану осы сауда-саттыққа қатысушының келісімімен жасалады, мұндай келісім оларға сауда-саттық жүйесінің тиісінше сұратуын қанағаттандыру арқылы беріледі.
6. Өтінімді толықтай немесе ішінара қамсыздандыруға қатысты талаптар оның келесі түрлердің қайсыбіріне қатыстылығына байланысты болады:
  - 1) бағалы қағаздарды сатуға өтінім;
  - 2) бағалы қағаздарды сатып алуға өтінім;

- 3) репо сатушысының неттингпен репо нарығында репо ашуға мәміле жасауға өтінімі;
  - 4) репо сатып алушысының неттингпен репо нарығында репо ашуға мәміле жасауға өтінімі;
  - 5) репо сатушысының неттингпен репо нарығында репо жабуға мәміле жасауға өтінімі;
  - 6) репо сатып алушысының неттингпен репо нарығында репо жабуға мәміле жасауға өтінімі.
7. Сауда-саттыққа қатысушының бағалы қағаздарды сатуға өтінімі келесі әдістердің бірімен қамсыздандырылуы тиіс:
- 1) осы сауда-саттыққа қатысушының жеке есеп-шотындағы сатылатын бағалы қағаздардың болуы есебінен толық қамсыздандырылған; немесе
  - 2) осы сауда-саттыққа қатысушының банктік есеп-шотындағы осы өтінім бойынша бастапқы маржа ретінде пайдалануға болатын ақша есебінен ішінара қамсыздандырылған.
8. Сауда-саттыққа қатысушының бағалы қағаздарды сатып алуға өтінімі, осы сауда-саттыққа қатысушының банктік есеп-шотындағы және осы өтінім бойынша бастапқы маржа ретінде пайдалануға болатын, ақша есебінен жартылай қамсыздандырылуы керек.
9. Репо сатушысының неттингпен репо нарығында репоны ашу мәмілесін жасауға өтінімі осы сауда-саттық қатысушысының дербес шотындағы репо операцияларының мәні – бағалы қағаздардың есебінен толық қамсыздандырылады.
10. Репо сатып алушысының неттингпен репо нарығында репоны ашу мәмілесін жасауға өтінімі осы сауда-саттыққа қатысушының банктік есеп-шотындағы ақша есебінен толық қамсыздандырылуы керек.
11. Репо сатушысының неттингпен репо нарығында репо жабуға мәміле жасауға өтінімі, осы репо сатушысының банктік есеп-шотындағы және осы өтінім бойынша бастапқы маржа ретінде пайдалануға болатын, ақша есебінен жартылай қамсыздандырылуы керек.
12. Репо сатып алушысының неттингпен репо нарығында репо жабуға мәміле жасауға өтінімі, осы репо сатып алушысының банктік есеп-шотындағы және осы өтінім бойынша бастапқы маржа ретінде пайдалануға болатын, ақша есебінен жартылай қамсыздандырылуы керек."

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен енгізілген).*

### **3 бап.**

#### **Сауда-саттық алдындағы процедураларды атқару тәртібі**

1. Әрбір сауда-саттық күнінің алматы уақытымен 10.15 кешікпей күн сайын Биржаның сауда-саттық жүйесіне Биржаның клирингілік жүйесіне клиринг туралы ішкі құжатқа сәйкес есептеген мәліметтер келіп түседі *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен өзгертілген):*
  - 1) клирингілік қызмет көрсетуге қабылданған әрбір атаудағы бағалы қағаздар қимасында, - олардың есепайырысу бағалары туралы, олардың бағаларының өзгеру шегі және олар бойынша маржалық жарналардың мөлшерлемелері туралы *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген);*
  - 2) әрбір сауда-саттық (ақшалай) есеп-шот қимасында – осы есеп-шот бойынша жайғасымдардың мәндері және қамсыздандыру жеткіліксіз болған жағдайда, оны толықтыру бойынша талаптар туралы *(осы*

*тармақша Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*

2. Әрбір сауда-саттық күнінің алматы уақытымен 09.30 кешікпей күн сайын Биржа өзінің сауда-саттық жүйесі арқылы Орталық депозитарийге сауда-саттыққа қатысушылардың Орталық депозитарийдегі жеек және банктік есеп-шоттарындағы ақша мен бағалы қағаздардың қалдықтары туралы мәліметтер (бұдан әрі – қалдықтар туралы мәліметтер) беру туралы бұйрық жібереді.
3. Орталық депозитарий Биржадан қалдықтар туралы мәлімет беру туралы бұйрық алған соң, бірақ алматы уақытымен сағат 10.00-ден кешіктірмей, қалдықтар туралы мәліметтерді әзірлеп, Биржаның сауда-саттық жүйесіне береді.
4. Биржа өзінің сауда-саттық жүйесі арқылы осы баптың 3 тармағында көрсетілген Орталық депозитарийден алынған мәліметтер бойынша сауда-саттыққа қатысушылардың және есеп-шоттарды басқарушылардың сауда-саттық (ақшалай) есеп-шоттарында автоматтандырылған режимде келесі кіріс жайғасымдарының мөндерін бекітеді:
  - 1) әрбір сауда-саттық қатысушысының меншікті ақша жайғасымы;
  - 2) әрбір сауда-саттық қатысушысының әрбір атаудағы бағалы қағаздары бойынша меншікті және клиенттік жайғасымдары;
  - 3) әрбір сауда-саттыққа қатысушының клиенттік (агрегацияланған) ақшалай жайғасымы, осы баптың 5 тармағында бекітілген ерекшелікті есепке ала отырып.
5. Сауда-саттыққа қатысушы немесе есеп-шотты басқарушы Биржаның сауда-саттық жүйесі арқылы клиенттік (агрегацияланған) ақшалай жайғасымы туралы мәліметтер алған соң, өзінің әрбір клиенті үшін Биржаның сауда-саттық жүйесінде оның кіріс (сегрегацияланған) ақшалай жайғасымының мәнін бекітеді. Бұл ретте осы мөндер өтінім беру мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет клиенттер үшін ғана бекітіледі (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген*).

Егер ақшалай жайғасымдар барлық клиенттер үшін бекітілмеген болса, осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген сауда-саттыққа қатысушы сауда-саттық күні ішінде осы Тәртіптің 6 бабының 1 тармағы 3) тармақшасына сәйкес, Биржаға қосымша мәліметтер береді.
6. Биржа сауда-саттық жүйесі арқылы осы баптың 4 және 5 тармақтарында көрсетілген мәліметтер мен мөндерді дереу арада және автоматтандырылған режиммен клирингілік жүйеге жібереді.

#### **4 бап.**

#### **Ұсынылған өтінімді тексеру және қабылдау**

1. Биржаның сауда-саттық жүйесі автоматтандырылған тәртіпте әрбір ұсынылған өтінімді:
  - 1) осы Тәртіптің 2-1 бабының 7–12 тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкестігіне;
  - 2) баға өзгеруінің белгіленген шегінің сақталуына тексереді.
2. Осы баптың 1 тармағына сәйкес өткізілген тексерістің теріс нәтижесі орын алған жағдайда, сауда-саттық жүйесі өтінімнен бас тартады (қабылдамайды).

Сауда-саттық жүйесі қабылдамаған өтінімдердің орнына қайта ұсынылған өтінімдер осы баптың 1 тармағына сәйкес тексерілуі керек.
3. Осы баптың 1 тармағына сәйкес өткізілген тексеріс оң нәтиже көрсеткен жағдайда, Биржаның сауда-саттық жүйесі өтінімді қабылдап, автоматты тәртіпте мынадай әрекеттерді орындайды:

- 1) осы өтінімді қамсыздандыру ретінде ақшаны және/немесе бағалы қағаздарды бұғаттайды;
  - 2) "бағалы қағаздарды сатып алу өтінімі ұзын жоспарлы позицияны ұлғайтады, бағалы қағаздарды сату өтінімі қысқа жоспарлы позицияны ұлғайтады" ережесі бойынша осы өтінімді ұсынған сауда-саттық қатысушысының жоспарлы позициясының мөлшерін берілген өтінім мөлшеріне өзгертеді.
4. "Сауда-саттықты өткізу әдістері туралы ереже"<sup>5</sup> атты Биржаның ішкі құжатының 2 бабына сәйкес сауда-саттық сессиясы аяқталған сәтте қанағаттандырылмаған өтінімдерді Биржаның сауда-саттық жүйесі автоматты түрде жояды, бұл ретте:
- 1) Биржаның сауда-саттық жүйесі, бұдан бұрын өтінімдерді, соның ішінде қолданылу мерзімі әлі аяқталмаған өтінімдерді қамсыздандыру үшін бұғаттаған, ақшаны және/немесе бағалы қағаздарды бұғаттан шығарады;
  - 2) жаңа сауда-саттық сессиясының басталуымен:  
қолданылу мерзімі әлі аяқталмаған, өтінімдер осы баптың 1 тармағына сәйкес қайталама тексерілуі керек;  
қолданылу мерзімі әлі аяқталмаған, өтінімдерді қамсыздандыруға қажетті ақша және/немесе бағалы қағаздар осы баптың 3 тармағына сәйкес қайталама бұғатталуы керек."

*(Осы бап Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген және толықтырылған және Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен өзгертілген).*

#### **5 бап. Мәміле жасау**

1. Биржа сауда-саттық жүйесінде автоматтандырылған режимде мәміле жасау барысында осы мәмілені жасауда қолданылған сауда-саттық (ақшалай) есеп-шотында:
  - 1) бағалы қағаздың жеке атауы бойынша ашық жайғасым қалыптасады;
  - 2) ағымдағы және жоспарлық жайғасымның мәндері ауысады. Осы ретте ағымдағы жайғасымдағы ақшаның немесе бағалы қағаздардың мәндері жасалған мәмілелер бойынша сауда-саттық күнінің ағымдағы сәтіндегі міндеттемелер мен талаптарды ескере отырып, көрсетіледі.
2. Мәміле бойынша сатып алушы (сатушы) өзінің сауда-саттық (ақшалай) есеп-шотындағы ашық жайғасымды Т+2 тәртібімен есепайырысу барысында, жасалған мәміле бойынша міндеттемелерді орындау арқылы немесе ашық жайғасымға қарама қарсы мәміле жасау арқылы жабады.
3. Сауда-саттық күні барысында жасалған мәмілелер туралы мәліметтер сауда-саттық аяқталған соң, автоматтандырылған режиммен Биржаның сауда-саттық жүйесінен клирингілік жүйеге беріледі.
4. Сауда-саттық аяқталған соң Биржа сауда-саттыққа қатысушылар мен есеп-шоттарды басқарушыларға жасалған мәмілелер туралы мәліметтері бар биржалық куәліктер береді.

#### **6 бап. Сауда-саттық жасау барысында жасалатын процедуралар**

---

<sup>5</sup> Биржалық кеңестің шешімімен бекітілген (2004 жылдың 29 желтоқсанындағы отырысының № 49 хаттамасы) *(осы сілтеме Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен қосылған).*



1. Сауда-саттық күні ішінде қажет болуына қарай:
  - 1) Орталық депозитарий осы баптың 2 тармағында бекітілген талаптармен және тәртіппен Биржаның сауда-саттық жүйесіне қалдықтар туралы мәліметтер береді;
  - 2) сауда-саттыққа қатысушы немесе есеп-шотты басқарушы кіріс клиенттік ақшалай жайғасымдарының және/немесе бағалы қағаздар бойынша жайғасымдардың мәндері туралы мәліметтерді бекітеді;
  - 3) Биржа маржалық жарналар мөлшерлемелерін және сауда-саттық есеп-шоттары бойынша нетто-жайғасымдардың мәндерін қайта есептеп, өзінің сауда-саттық жүйесінде бекітеді. Осы ретте мұндай қайта есептеу мен сауда-саттық есеп-шоттары бойынша нетто-жайғасымдардың мәндерін бекіту Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған әрбір мәміледен кейін жасалады;
  - 4) автоматтандырылған режимде жоспарлық жайғасымдардың мәндері Биржаның сауда-саттық жүйесіне жіберілген әрбір өтінімнен кейін өзгертіледі.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*

2. Орталық депозитарий осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қалдықтар туралы мәліметтерді сауда-саттыққа қатысушының жеке немесе банктік есеп-шотына (қосалқы есеп-шотына) "сауда-саттыққа қатысушының есеп-шоты" арнайы белгісі берілгенде немесе мұндай белгі алынып тасталғанда әзірлейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*
3. Биржа осы баптың 1 тармағының 3) тармақшасында көрсетілген маржалық жарналар мөлшерлемелері туралы мәліметтерді клиринг туралы ішкі құжатқа сәйкес клирингілік сессия аясында өткізілетін маржалық жарналар бойынша талаптар (мөлшерлемелер) түзетілген жағдайда дайындап, дайын болған соң дереу арада Биржаның сауда-саттық жүйесіне береді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен және Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен өзгертілген).*
4. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен жойылған).*
5. Орталық депозитарий сауда-саттық күнінің ішінде Биржаға:
  - 1) сауда-саттыққа қатысушының мәмілені биржадан тыс нарықта тіркеу туралы бұйрығының негізінде немесе осы қатысушының ақшаны (бағалы қағаздарды) шығынға жазу туралы нұсқауы негізінде - ақшаны (бағалы қағаздарды) шығынға жазуға сұратуды;
  - 2) ақшаны (бағалы қағаздарды) шығынға жазған жағдайда (шығынға жазу фактісі бойынша), анықтау, және/немесе тергеу органдарының, және/немесе соттың шешімдері негізінде шығыс операцияларын тоқтатқан немесе ақшаға тыйым салған жағдайда – ақшаны (бағалы қағаздарды) шығынға жазу туралы мәлімдеме беріп отырады.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*

6. Биржа Орталық депозитарий берген ақшаны (бағалы қағаздарды) шығынға жазу туралы сұратуы бойынша сауда-саттыққа қатысушының сұратуда көрсетілген есеп-шотының деректемелері бойынша ақша жайғасымының (бағалы қағаздар бойынша жайғасымының) төмендегілерге қатысты қойылатын талаптарға сәйкестігіне қарай тексереді:
  - 1) осы сауда-саттыққа қатысушы өзі берген өтінімдер мен жасалған мәмілелерден туындайтын нетто-міндеттемелерді орындауы үшін

меншікті ақшалай (сауда-саттық) есеп-шотындағы бұғатталған қамсыздандырудың жеткіліктігіне;

2) осы қатысушыда орындалмаған міндеттемелердің болмауына.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*

7. Осы баптың 6 тармағында көрсетілген тексеру нәтижелері теріс көрсеткішті болса, Биржа шығынға жазуға сұратуды қанағаттандырудан бас тартады.

Осы баптың 6 тармағында көрсетілген тексеру нәтижелері оң көрсеткішті болса, Биржа шығынға жазу туралы сұратуды қанағаттандырады.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*

8. Биржа шығынға жазу туралы сұратуды қанағаттандыру (қанағаттандырудан бас тарту) туралы хабарламаны Орталық депозитарийге осындай шешім қабылдаған соң дереу арада жібереді.

9. Биржа Орталық депозитарий берген шығынға жазу туралы мәлімдеме бойынша сауда-саттық және клирингілік жүйелерде келесі әрекеттерді жасайды:

1) сауда-саттыққа қатысушының ақшалай (сауда-саттық) есеп-шотындағы ақшалай жайғасымды (бағалы қағаздар бойынша жайғасымды) осы мәлімдемеде көрсетілген сомаға өзгертеді *(осы абзац Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*

Мұндай өзгерту кіріс, ағымдағы және/немесе жоспарлық және/немесе клиенттік жайғасымдарды азайту арқылы жүзеге асады;

2) Биржаның сауда-саттық жүйесіне сауда-саттыққа қатысушының осы мәлімдемеде көрсетілген сауда-саттық (ақшалай) есеп-шотын пайдаланып берілген белсенді өтінімдердің күшін жояды (жояды).

## 7 бап.

### Жасалған мәмілелерді салыстырып тексеру

1. Жасалған мәмілелер Т+1 клирингілік күні ішінде алматы уақытымен сағат 15.00-ге дейін клирингілік сессияның нәтижелері туралы биржалық куәліктер мен есептердегі (бұдан әрі – куәліктер және/немесе есептер) мәліметтер негізінде салыстырылып тексеріледі. Жасалған мәмілелерді есеп-шоттарды басқарушылар мәмілелерді растау жүйесі арқылы және сауда-саттыққа қатысушылар Биржаның сауда-саттық жүйесі арқылы салыстырып тексереді.

2. Есеп-шоттарды басқарушы Биржаға ескертулер жасаған, және осы мәмілелердің қарсыагенттері оларды бұзуға келіспейтіні туралы хабарламалар берген мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау үшін осындай мәмілені жасаған сауда-саттыққа қатысушы осы Тәртіпте бекітілген талаптар мен тәртіпке сай жауапты болады.

3. Жасалған мәмілелерді салыстыру барысында келесі процедуралар жасалады:

1) егер бар болса, есеп-шоттарды басқарушылар мен сауда-саттыққа қатысушылар Биржаға өздері алған куәліктердегі және/немесе есептердегі мәліметтер бойынша ескертулерді ұсынады;

2) Биржа алған ескертулер бойынша келесі әрекеттердің біреуін немесе бірнешеуін орындайды:

куәліктерге және/немесе есептерге түзетулер енгізеді;

трүзетілген куәліктерді және/немесе есептерді қалыптастырады;

сауда-саттыққа қатысушыларға есеп-шоттарды басқарушылардың ескертулері бар мәлімдемелерді ұсынады.

4. Есеп-шоттарды басқарушының ескертулері туралы мәлімдеме алған соң, бірақ осы мәлімдемені алған күннің алматы уақытымен сағат 16.30-нан кешіктірмей, Сауда-саттыққа қатысушы Биржаға:
  - 1) куәлікке және/немесе есепке түзетулерді; немесе
  - 2) жасалған мәмілені бұзу туралы сұрату ұсынады. Осы ретте түзетулер деп есеп-шоттың нөмірін өзгертуге қатысты түзетулерді түсіну керек.

Егер сауда-саттыққа қатысушы Биржаға осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген түзетулерді немесе сұратуды ұсынбаған болса, мұндай қатысушы мәмілені өзінің меншікті қаражаты есебінен орындауға келіседі деп есептеледі, және мұндай жағдайда есеп-шоттың нөмірі автоматтандырылған режиммен өзгертіледі.
5. Осы баптың 4 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген түзетулерді алған соң, Биржа осы түзетулерді куәлікке және/немесе есепке енгізіп, тиісінше есеп-шоттарды басқарушыларға түзетілген куәліктерді және/немесе есептерді ұсынады (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген*).
6. Осы баптың 4 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сұратуды алған соң, Биржа жасалған мәміле бойынша қарсыагент болып табылатын сауда-саттыққа қатысушыға мәмілені бұзуға келісім туралы сұрату ұсынады (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген*).
7. Сауда-саттыққа қатысушы осы баптың 6 тармағында көрсетілген сұратуды алған соң, бірақ ағымдағы сауда-саттық күнінің сауда-саттығының аяқталған уақытынан кешіктірмей, Биржаға ұсынады (*осы абзац Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген*):
  - 1) жасалған мәмілені осы Тәртіпте бекітілген тәртіппен бұзуға дайын болса - жасалған мәмілені бұзуға келісімі туралы хабарлама;
  - 2) жасалған мәмілені орындауды жоспарлаған болса – жасалған мәмілені бұзуға келісім бермейтіні туралы хабарлама.
8. Биржа жасалған мәмілені бұзуға келісім туралы хабарламаны алған соң жасалған мәміленің күшін жояды (бұдан әрі – күші жойылған мәміле).

Биржа жасалған мәмілені бұзуға келісім бермейтіні туралы хабарламаны алған соң, осы баптың 4 тармағының 2) тармақшасына сәйкес мәмілені бұзуға сұрату жіберген сауда-саттыққа қатысушыға жасалған мәміле бойынша міндеттемелерді өзінің меншікті есеп-шотында өзінің жеке қаражаты есебінен орындау қажеттілігі туралы хабарлама жібереді (*осы абзац Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген*).
9. Сауда-саттыққа қатысушы осы баптың 8 тармағында көрсетілген хабарламаны алған соң, бірақ осы хабарламаны алған күннен кейінгі күннің алматы уақытымен 10.00 сағатынан кешіктірмей, келесі әрекеттерді жасайды (*осы абзац Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген*):
  - 1) мәміле жасауда қолданылған сауда-саттық (ақшалай) есеп-шоттың нөмірін өзінің меншікті сауда-саттық (ақшалай) есеп-шотының нөміріне ауыстырады (міндеттемелерді өзінің меншікті активтері есебінен орындауға дайын болса);
  - 2) мәміле жасауда қолданылған сауда-саттық (ақшалай) есеп-шоттың нөмірін өзікінен басқа., сауда-саттық (ақшалай) есеп-шоттың нөміріне ауыстырады.

**8 бап. Клиринг туралы жалпы ережелер**

- ..
1. Биржа мәмілелер бойынша клирингті алматы уақытымен 17.00 бастап 17.30 дейін ішкі құжаттарда бекітілген тәртіппен жүзеге асырады.
  2. T сауда-саттық күнінде жасалған мәмілелер үшін:
    - 1) T, T+1 и T+2 сауда-саттық күндері клирингтік күндер болып саналады;
    - 2) T+2 сауда-саттық күні есепайырысу күні болып есептеледі.
  3. Осы баптың 4 тармағында бекітілген жағдайларды қоспағанда, мәмілелер бойынша клиринг көптарапты неттинг<sup>6</sup> қолдану арқылы жүзеге асырылады.
  4. Биржаның Басқармасы көптарапты неттинг қолдану арқылы клиринг жасауды уақытша тоқтату туралы шешім қабылдағанда, сонымен қатар жоғары жүйелік, нарықтық және басқа да тәуекелдер мерзімі келген жағдайларда, бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша неттингсіз клиринг жасалады.
  5. Орталық депозитарий есептесулерді жүзеге асыру туралы бұйрықты алған соң осы Тәртіптің 10 бабында және Орталық депозитарийдің ережелер жинағында бекітілген талаптар мен тәртіпке сәйкес есептесулер жүргізеді.
  6. Орталық депозитарийдің ережелер жинағында анықталған тәртіппен сауда-саттыққа қатысушылардың банктік есеп-шоттарындағы (қосалқы есеп-шоттарындағы) қамсыздандыруды бақылау мақсатында Биржадан алған бұйрық (бұдан әрі – қамсыздандыруды бақылау туралы бұйрық) негізінде егер мұндай шығынға жазу көрсетілген есеп-шоттардағы (қосалқы есеп-шоттардағы) қалдықтың қажетті қамсыздандырудың мөлшерінен азаюына әкелетін болса, сауда-саттыққа қатысушылардың қаржы құралдарымен мәмілелерін (операцияларын) немесе аударым жасауға төлем тапсырыстарын тіркеу туралы бұйрықтарын орындамайды.

Биржа Орталық депозитарийден келген қамсыздандыруды бақылау туралы бұйрықты орындау мүмкін еместігі туралы хабарлама алған соң, Орталық депозитарийге қамсыздандыруды бақылау туралы жаңа бұйрықты әзірлеп, жібереді.

Орталық депозитарийдің қамсыздандыруды бақылау туралы бұйрықты орындау мерзімі жаңа сауда-саттық күнінің басталуымен немесе Орталық депозитарий қамсыздандыруды бақылау туралы жаңа бұйрық алған сәтте аяқталады (осы Тәртіптің 6 бабының 5 тармағында бекітілен талаптарды ұстануды ескере отырып).

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*

**9 бап. Есептесулердің растаулары**

1. Мәмілелер бойынша есептесулердің растаулары T+2 есептік күнінің алматы уақытымен 17.20-нан кешікпей, клирингтік сессияның нәтижелері туралы (түзетілген) есептердегі мәліметтер негізінде әрбір нетто-жайғасым қимтесулердің жүзеге асырылады. Есептесулердің растауларын есеп-шоттарды басқарушылар әзірлейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*
2. Есептесулердің растаулары келесі жағдайларға қарай екі түрлі болуы мүмкін:

<sup>6</sup> Көптарапты неттинг деп осы қатысушы жасаған мәмілелерден шығатын талаптарды (міндеттемелерді), осы мәмілелерден туындайтын міндеттемелерді (талаптарды) қоса алғанда, өзара есептесуден өткізу арқылы нәтижесінде әрбір сауда-саттыққа қатысушының барлық қатысушыларға қатысты бірыңғай нетто-жайғасымы қалыптасатын неттингті түсіну керек *(осы сілтеменің нөмірі Биржалық кеңестің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен өзгертілген).*

- 1) есептесуді растау – нетто-жайғасым бойынша міндеттемені ағымдағы есептік күнде орындауға дайын болғанда;
- 2) растаудан бас тарту – нетто-жайғасым бойынша міндеттемені ағымдағы есептік күннен басқа күні орындауға дайын болғанда.
3. Міндеттемелерді Т+2 есептік күнінен кейінгі күндерде орындау қор нарығындағы дефолттарды реттеу процедураларын қолдану арқылы жүзеге асырылады ([осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген](#)).
4. Есептесулердің растауларын әзірлеу барысында есеп-шоттарды басқарушы келесі процедураларды атқарады:
  - 1) есеп-шотты басқарушыны есепке алу жүйесіндегі тиісінше есеп-шоттардағы қаражаттың жеткіліктігін тексереді;
  - 2) осы баптың 2 тармағына сәйкес есептесудің растауын немесе одан бас тартуды әзірлейді.
5. Сауда-саттыққа қатысушы алматы уақытымен сағат 17.20-дан кешікпей Орталық депозитарийдегі тиісінше есеп-шоттарға қажетті активтерді (бағалы қағаздарды және/немесе ақшаны) салады ([осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген](#)).
6. Биржа есептесулердің растауларын алған соң, бірақ клирингтік сессияның аяқталу уақытынан кешікпей, растаудың мәліметтерін сауда-саттық (ақшалай) есеп-шоттарындағы мәліметтермен салыстырып тексеріп, есептесулер үшін қажетті қаражатты бұғаттайды.
7. Егер осы баптың 6 тармағында көрсетілген салыстырулардың нәтижелері бойынша сауда-саттыққа қатысушының сауда-саттық (ақшалай) есеп-шотындағы қалдықтың мәні осы қатысушының нетто-жайғасым бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болса, Биржа осы қатысушының дефолтын мойындап, ішкі құжаттарға сәйкес дефолттарды реттеу бойынша процедуралар өткізуді бастамалайды ([осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген](#)).

## 10 бап.

### Есептесулер туралы жалпы ережелер

1. Орталық депозитарий мәмілелер бойынша есептесулерді есептесу күнінде Биржадан есептесулерді жүзеге асыру туралы бұйрық алған сәттен бастап бір сағаттың ішінде жүзеге асырады. Мәмілелер бойынша есептесулер Орталық депозитарийдің ережелер жинағына сәйкес жасалады ([осы абзац Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген](#)).

Егер осы Тәртіптің Орталық депозитарийдің есептесулерді жүзеге асыруына және/немесе Орталық депозитарий жасайтын процедураларға қатысты нормалары Орталық депозитарийдің ережелер жинағына қарама-қайшы келетін болса, Орталық депозитарийдің ережелер жинағының күші басымырақ болады.
2. Орталық депозитарийде Сауда-саттыққа қатысушыларға Орталық депозитарийдің ережелер жинағында бекітілген тәртіппен жасалған тиісінше келісім-шарттардың негізінде қызмет көрсетіледі.
3. Мәмілелер бойынша (оның ішінде репо операциялары бойынша) есептесулер "DvP-3"<sup>7</sup> есептесу үлгісін қолдану арқылы жасалады.

---

<sup>7</sup> "DvP-3" есептесулер үлгісі деп ақша мен бағалы қағаздардың бір уақыттағы аударымы жасалған мәмілелердің жиынтығы бойынша және тиісінше есеп-шотта осы жеткізілімді төлеу үшін жеткілікті мөлшерде ақша болғанда ғана есеп-шотқа бағалы қағаздар жеткізілетін есептесулерді түсіну керек. ([осы сілтеме Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген, сілтеменің нөмірі Биржалық кеңестің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен өзгертілген](#)).

4. Есептесу сессиясын өткізу барысында Орталық депозитарий сауда-саттыққа қатысушылардың жеке және банктік есеп-шоттарын тексеруден өткізеді, сонымен қатар Орталық депозитарийдің ережелер жинағында бекітілген басқа процедураларды орындайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
5. Орталық депозитарий сауда-саттыққа қатысушылардың есеп-шоттарын (қосалқы есеп-шоттарын) осы есеп-шотта нетто-міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті мөлшерде бағалы қағаз және/немесе ақша болуы талабына сәйкестігіне қарай тексереді.
6. Егер тексерудің нәтижелері бойынша сауда-саттыққа қатысушының есеп-шотындағы (қосалқы есеп-шотындағы) бағалы қағаздардың және/немесе ақшаның мөлшері осы баптың 5 тармағында бекітілген талапқа сәйкес келетін болса, Орталық депозитарий есептесулерді жүргізеді *(осы абзац Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.  
Егер тексерудің нәтижелері бойынша сауда-саттыққа қатысушының есеп-шотындағы (қосалқы есеп-шотындағы) бағалы қағаздардың және/немесе ақшаның мөлшері осы баптың 5 тармағында бекітілген талапқа сәйкес келмейтін болса, Орталық депозитарий Биржаға есептесулер жүргізу мүмкін еместігі туралы хабарлама жібереді *(осы абзац Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
7. Орталық депозитарий есептесу сессиясы аяқталған соң, бірақ осы сессия аяқталған күннің алматы уақытымен 19.00 сағатынан кешікпей, Биржаға есептесулердің жүргізілуі туралы есеп тапсырады.
8. Биржа Орталық депозитарийден келіп түскен есептесулердің жүргізілуі туралы есеп бойынша Орталық депозитарийге сауда-саттыққа қатысушылардың банктік (жеке) есеп-шоттарындағы қамсыздандыруды бақылау туралы бұйрық береді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
9. Биржа Орталық депозитарийден келіп түскен есептесулерді жүргізудің мүмкін болмауы туралы хабарламасы бойынша есептесулер жүргізуге жаңа бұйрық әзірлеп, осы бұйрықты қайталама есептесулер жүргізу үшін Орталық депозитарийге жібереді.
10. Қайталама есептесулер осы бапта бекітілген талаптар мен тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

## 11 бап.

### Тұрақсыздық төлемдері

1. Тұрақсыздық төлемдері келесі жағдайларда төленеді:
  - 1) дефолт жібергенде;
  - 2) дефолттарды ішкі құжаттарды бекітілген тәртіппен реттеу барысында адал сауда-саттыққа қатысушылардың кепілдік жарналарын пайдаланғанда;
  - 3) ішкі құжаттарды бекітілген тәртіппен дефолттарды реттеу барысында Биржаның резервтік қорының қаражатын қолданғанда.
2. Осы Тәртіптің талаптарын бұзған сауда-саттыққа қатысушы төлейтін тұрақсыздық төлемдерінің сомалары:
  - 1) Қазақстандық теңгемен есептеледі, өндіріледі және төленеді. Осы ретте тұрақсыздық төлемдері осы баптың 1 тармағында көрсетілген жағдайларда сауда-саттыққа қатысушының әрекеттерінен зардап шеккен сауда-саттыққа қатысушы пайдасына төленеді *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;

- 2) Биржаның ішкі құжаттарда бекітілген талаптарға және тәртіпке сәйкес, немесе Биржаның тиісінше шоты сауда-саттыққа қатысушыға жіберілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жөнелтіліп, төленетін жеке есеп-шотына қосылады *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 3) егер кепілдік жарнасының қалған құны оң көрсеткішті болса, Биржа осы қатысушының кепілдік жарнасынан шығынға жазып алуы мүмкін;
  - 4) қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген талаптар мен тәртіпке сәйкес сот тәртібімен өндіріп алынады.
3. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен жойылған).*
4. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген жағдайлардың кез келгені туындағанда сауда-саттыққа қатысушы өсімпұл түрінде тұрақсыздық төлемін төлейді *(осы абзац Биржалық кеңестің 2015 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*
- Өсімпұл осы баптың 1 тармағында көрсетілген кез келген жағдай туындаған күннен кейінгі әрбір жұмыс күні үшін есептеліп, төленеді.
5. Өсімпұл үш көбейткіштің көбейтіндісі ретінде есептеледі, мұндағы бірінші көбейткіш - орындалмаған төлемнің сомасы, екіншісі – орындалмаған төлемнің сомасынан 0,1 % және үшіншісі есептесу мерзімі бұзылған күннен бастап өткен күнтізбелік күндердің саны болып табылады.

## 12 бап.

### Сауда-саттыққа қатысушының құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі

1. Сауда-саттыққа қатысушы осы Тәртіпте, клиринг туралы ішкі құжатта, клирингілік қатысушылар туралы ішкі құжатта және өзге ішкі құжаттарда бекітілген талаптар мен тәртіпке сәйкес құқылы *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен толықтырылған)*:
  - 1) Биржаның клирингілік қызмет көрсетуінде болуға;
  - 2) мәмілелер жасауға, оның ішінде оны сауда-саттықтан шеткенге дейін және/немесе клирингілік қатысушы мәртебесінен айырғанға дейін жасалған мәмілелерден туындайтын міндеттемелерді орындау мақсатында;
  - 3) бағалы қағаздармен сауда-саттыққа қатысудан өз еркімен бас тартуға.

Осы ретте сауда-саттыққа қатысушының Биржаның Басқармасы осы сауда-саттыққа қатысушыны сауда-саттыққа қатысудан шеттету немесе оны клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру туралы шешім қабылдағанға дейін жасаған мәмілелерден туындайтын міндеттемелерін орындау бойынша құқықтары мен міндеттері сақталады;
  - 4) Биржаның сауда-саттық жүйесінде кіріс клиенттік ақшалай жайғасымдардың мәнін бекітуге;
  - 5) биржалық куәліктер, клирингілік сессияның нәтижелері туралы есептер, сондай-ақ, мәмілені жасау үшін қажетті және жеткілікті басқа мәлімдемелер, хабарламалар және ақпарат алуға;
  - 6) дефолтты реттеу үшін қажетті бағалы қағаздарды немесе ақшаны сатып алу мақсатында репо операцияларын жасауға;
  - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарда қарастырылған басқа құқықтарын жүзеге асыруға.
2. Сауда-саттыққа қатысушы осы Тәртіпте және өзге ішкі құжаттарда бекітілген талаптар мен тәртіпке сәйкес міндетті:

- 1) бастапқы маржаның қажетті деңгейін ұстануға;
  - 2) осы Тәртіптің талаптарын ұстануға, оның ішінде маржин-коллды орындау, кепілдік жарнасын толықтыру, сонымен бірге нетто-міндеттемелерді төлеу үшін ақша және/немесе бағалы қағаздар жеткізу туралы талаптарды орындауға;
  - 3) Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айла-шарғы жасауға қатысты талаптарын, Биржаның жарғысын ұстануға;
  - 4) дефолт жібермеуге;
  - 5) бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауға, оның ішінде клиенттік есеп-шотта маржа жеткіліксіз болған жағдайда;
  - 6) ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес сауда-саттық және клирингтік алымдар төлеуге;
  - 7) осы Тәртіптің және ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес тұрақсыздық төлемдерін және өсімпұлдар төлеуге;
  - 8) осы сауда-саттыққа қатысушы жіберген дефолтты реттеу үшін пайдаланатын кепілдік және/немесе резервтік қордың қаражатын толық көлемде өтеуге;
  - 9) осы Тәртіпте және өзге ішкі құжаттарда қарастырылған басқа міндеттемелерін орындауға.
3. Ішкі құжаттарда бекітілген талаптар мен тәртіпке сәйкес сауда-саттыққа қатысушы төмендегілер үшін жауапты болады::
- 1) өзі жасаған мәмілелерді, оның ішінде өзі жасаған комиссиялардың брокерлік келісім-шартының немесе мәні бойынша ұқсас және міндеті бойынша сәйкес келетін басқа құжаттың талаптарына сәйкес өзінің клиентінің (клиенттерінің) мүддесі үшін жасалған мәмілелерді орындамау;
  - 2) өзі жасаған мәміле бойынша есеп-шотты басқарушының ескертулерін берген жағдайда осындай мәмілені орындамау.

**13 бап. Биржаның құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі**

1. Биржа ішкі құжаттарда бекітілген талаптар мен тәртіпке сәйкес:
  - 1) көптарапты неттингті қолдану арқылы клиринг жасауды;
  - 2) мәмілелер жасауды уақытша тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы.
2. Басталуы мен аяқталуы Биржаның тиісінше органының арнайы шешімімен бекітілетін, жүйелік, нарықтық немесе басқа тәуекелдердің өсуі кезеңдерінің келуі жағдайлары осы баптың 1 тармағында көрсетілген шешімдердің кез келгенін қабылдау үшін негіздеме болуы мүмкін.
3. Осы баптың 1 тармағының 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған шешімді қабылдаған жағдайда, Т+2 тәртібімен мәмілелер жасауға өтінімдер осы өтінімдер негізінде жасалған мәмілелер бойынша клиринг жасамастан, алдын ала толық қамсыздандыру талабымен беріледі, және мұндай мәмілелер бойынша есептесулер "Толық қамсыздандырылумен (гросс-есептесулер) Т+0 схемасы бойынша бағалы қағаздармен мәмілелер жасау бойынша есептесулерді өткізу регламенті"<sup>8</sup> атты Биржаның ішкі құжатта

---

<sup>8</sup> Биржалық кеңестің шешімімен бекітілген (2011 жылдың 31 мамырындағы отырысының № 12 хаттамасы) *(осы сілтеме Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен қосылған)*.



анықталған тәртіппен Т+0 схемасы бойынша жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

4. Осы Тәртіпте және ішкі құжаттарда бекітілген талаптар мен тәртіпке сәйкес Биржа құқылы:
  - 1) сауда-саттық және клирингілік алымдар алуға;
  - 2) тұрақсыздық төлемдерін, сондай-ақ, қор нарығындағы дефолтты реттеуге байланысты басқа төлемдерді төлеуді талап етуге;
  - 3) сауда-саттыққа қатысушылардың ақшалай есеп-шоттарындағы ақша жайғасымдарын өзгертуге, оның ішінде кіріс, ағымдағы және/немесе жоспарлық меншікті және/немесе клиенттік жайғасымдарды кеміту арқылы;
  - 4) Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілген белсенді өтінімдердің бір бөлігін жоюға;
  - 5) дефолтты мойындауға;
  - 6) сауда-саттыққа қатысушылардан кез келген қажетті құжаттарды және/немесе ақпаратты сұратуға.
5. Ішкі құжаттарда бекітілген талаптар мен тәртіпке сәйкес Биржа міндетті:
  - 1) сауда-саттыққа қатысушылар Биржаның тәуекелдерді басқару бойынша саясатын реттейтін ішкі құжаттарда бекітілген талаптар мен тәртіпке сәйкес жасаған мәмілелер бойынша Биржаны жауапкершілікке тарту мүмкіндігі бар кез келген маңызды жағдайлар туралы Биржалық кеңеске есептер беруге;
  - 2) сауда-саттыққа қатысушылар мен өзінің меншікті қаражатының есебін бөлек жүргізуге.
6. Ішкі құжаттарда бекітілген талаптар мен тәртіпке сәйкес Биржа нетто-жайғасымдарды анықтап, Т+2 схемасы бойынша жасалған мәмілелер бойынша есептесулер жүргізуге бұйрықтар беру үшін жауапты болады.
7. Биржаның жауапкершілігі клиринг туралы ішкі құжатта анықталған тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтерімен шектеледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 19 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.
8. Биржа төмендегілер үшін жауапты болмайды:
  - 1) ол үшін бекітілген немесе оның бақылау шегінен тыс себептер бойынша туындаған шығындар;
  - 2) мұндай шығындар Биржаның кәсіби қызметін (бизнесін) ұсымдастырудағы мақсаттың немесе жол беруге болмайтын ағаттықтың нәтижесі болған, және олар ішкі құжаттардың ережелерін тікелей бұзушылық болып табылған жағдайларды қоспағанда, сауда-саттыққа қатысушылардың қандай да бір шығындары, алған табыстары немесе залалдары;
  - 3) егер олар бағалы қағаздармен мәміле жасауға, клиринг жасауға және оларды орындауға байланысты туындаған болса, (сауда-саттыққа қатысушы болып табылмайтын) үшінші тұлғалардың қандай да бір тікелей немесе жанама шығындары, тапқан табыстары немесе залалдары;
  - 4) еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажор жағдайлары) әсерінен болған іркілудің немесе Биржаның жауапкершілігінен тыс басқа жағдайлардың нәтижесіндегі қандай да бір шығындар немесе залалдар;
  - 5) мұндай шығындар Биржаның кәсіби қызметін (бизнесін) ұсымдастырудағы мақсаттың немесе жол беруге болмайтын

ағаттықтың нәтижесі болған, және олар ішкі құжаттардың ережелерін тікелей бұзушылық болып табылған жағдайларды қоспағанда, техникалық қиындықтар, компьютерлік жүелердің ішінара немесе толық операциялық тұрақсыздығы, мәмілелерді жасау, клиринг немесе орындау барысындағы енгізу, шығару қателіктері немесе бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша берілген қамсыздандыруды басқару, билеу қателіктері нәтижесіндегі сауда-саттыққа қатысушылардың қандай да бір шығындары, залалдары.

**14 бап. Даулар мен келіспеушіліктерді реттеу**

1. Сауда-саттыққа қатысушылар мен Биржа арасындағы даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы шешілуі тиіс.
2. Келіссөздер жүргізу арқылы өзара тиімді шешімге келу мүмкін болмаған жағдайда, шешілмеген дау (келіспеушілік) тараптардың өзара келісімімен Биржаның Даулар мен келіспеушіліктерді шешу жөніндегі комиссиясының қарауына беріледі (Биржадағы мүшелікті тоқтату мәселесіне қатысты даулар мен келіспеушіліктерді қоспағанда).
3. Биржаның Даулар мен келіспеушіліктерді шешу жөніндегі комиссиясы қабылдаған шешімдерге олар қабылданған күнінен бастап бір айдың ішінде Биржалық кеңесте шағым беруге болады.
4. Биржаның Даулар мен келіспеушіліктерді шешу жөніндегі комиссиясының шешіміне шағым берілген жағдайда, Биржалық кеңесте осы шешімді орындау тоқтатылады.
5. Биржа Басқармасының және/немесе Биржаның Даулар мен келіспеушіліктерді шешу жөніндегі комиссиясының шешіміне шағымдану арызын Биржалық кеңес өзінің жуырдағы отырысында қарастырады.
6. Дауды (келіспеушілікті) Биржаның Даулар мен келіспеушіліктерді шешу жөніндегі комиссиясында немесе Биржалық кеңесте шешу мүмкін болмаған жағдайда, ол бұдан әрі сот тәртібімен шешіледі.
7. Осы Тәртіпте реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, ішкі құжаттарға, сонымен қатар Биржаның органдары мен лауазымды тұлғаларының бекітілген тәртіппен және өздерінің құзыреттері шегінде қабылдаған шешімдеріне сәйкес шешіледі.

Президент

М.Р. Қабашев